



Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандагы № 50 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылды 26 наурызда № 8390 тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 4- тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.12.2016 № 726 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева), Техникалық және кәсіптік білім департаменті (К.Қ. Бөрібеков), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ф.Н. Жақыпова) және Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Р.П. Шер) осы бұйрықты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі М.А. Әбеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмагұлов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 22 ақпандагы
№ 50 бұйрығымен бекітілген

Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы

Ескерту. Номенклатура жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.12.2016 № 726 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 10.10.2018 № 557 (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.06.2020 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.04.2021 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Білім беру үйымдарының түрлері:

1. Мектепке дейінгі үйымдар:

- 1) бебекжай;
- 2) балабақша;
- 3) отбасылық бебекжай;
- 4) санаториялық бебекжай;
- 5) мектепке дейінгі шағын орталық;
- 6) арнайы бебекжай;
- 7) арнайы балабақша.

2. Орта білім беру үйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру үйымдары:

1) білім беру деңгейі бойынша:

бастауыш мектеп;

негізгі орта мектеп;

жалпы орта білім беретін мектеп;

2) оқыту бейіні бойынша:

гимназия;

лицеї;

бейіндік мектеп (жоғары мектеп);

3) оқуды үйымдастыру жағдайы бойынша:

шағын жинақты мектеп;

тірек мектеп (ресурстық орталық);

түзеу мекемелері жанындағы жалпы орта білім беретін мектеп;

кешкі мектеп;

девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру үйымы;

ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымы;

аурұхана жанындағы мектеп;

4) халықаралық:

халықаралық мектеп;

5) интернаттық үйымдар:

мектеп-интернат;

эскери мектеп-интернат;

жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат;

тірек мектеп (ресурстық орталық) жанындағы интернат;
көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына арналған
мектеп-интернат;

санаториялық мектеп-интернат.

6) біріктірілген:

"мектеп-бебекжай" кешені;

"мектеп-бебекжай-балабақша" кешені;

"бастауыш мектеп - бебекжай – балабақша";

мектеп-гимназия;

мектеп-лицей;

қосымша білім беру мектеп-орталығы;

мектеп-интернат-колледж;

оқу-сауықтыру орталығы (кешен);

оқу-өндірістік комбинат (мектепаралық, курстық);

оқу-тәрбие орталығы (кешен);

оқу орталығы;

дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі
орталығы;

білім беру ұйымдарының жанындағы инклузивтік білім беруді қолдау
кабинеті;

логопедтік пункт;

қыздар мектеп-гимназиясы.

7) мамандандырылған білім беру ұйымдары:

мамандандырылған мектеп;

мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп - лицей);

мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп - гимназия);

мамандандырылған мектеп-интернат;

мамандандырылған мектеп-лицей-интернат;

мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат;

мамандандырылған музыка мектеп-интернаты;

мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі
мамандандырылған мектеп-интернат-колледж);

мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған
хореография мектеп-интернат-училищесі);

мамандандырылған әскери мектеп - интернат;

"Білім-инновация" лицей-интернаты;

мамандандырылған мектеп-кешендер;

мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицейі; мамандандырылған ақпараттық технологиялар лицейі.

8) арнайы білім беру үйымдары:

арнайы мектеп;

арнайы мектеп-балабақша;

арнайы мектеп - интернат;

арнайы кешен "балабақша - мектеп – интернат";

арнайы кешен "мектеп - интернат – колледж";

психологиялық - медициналық - педагогикалық консультация;

оңалту орталығы;

психологиялық-педагогикалық түзөу кабинеті;

аутизмі (аутистикалық спектрдегі бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталығы (autism-орталығы).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрінің 26.04.2021 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдары:

1) колледж – школа-интернат

2) колледж – мектеп;

3) колледж;

4) училище;

5) кәсіптік даярлау оқу орталығы;

6) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған колледж;

7) түзету мекемелері жанындағы кәсіптік даярлау оқу орталығы;

8) түзету мекемелері жанындағы колледж;

9) әскери – техникалық колледж;

10) жоғары колледж.

4. Орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары:

1) колледж;

2) жоғары колледж;

3) училище.

5. Алып тасталды - КР Білім және ғылым министрінің м.а. 10.10.2018 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

6. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары:

1) ұлттық зерттеу университеті;

2) ұлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимы;

- 3) зерттеу университеті;
- 4) университет;
- 5) академия;
- 6) институт;
- 7) консерватория.

7. Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 26.04.2021 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

8. Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 26.04.2021 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

9. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйимдары:

- 1) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы;
- 2) отбасы үлгісіндегі балалар ауылы;
- 3) қызын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы;
- 4) жасөспірімдер үйі (әлеуметтік бейімдеу орталығы);
- 5) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы.

10. Балаларға арналған қосымша білім беру үйимдары:

- 1) мектепке дейінгі дамыту кешені (орталық, академия);
- 2) оқушылар сарайы (үйі, орталығы, кешені, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы және басқалары);
- 3) жас натуралистер станциясы (балалар экологиялық орталығы, биологиялық орталық, экобиоорталығы, экология және өлкетану балалар-жасөспірімдер орталығы);
- 4) жас техниктер станциясы (орталық, балалар және жасөспірімдер техникалық шығармашылық мектебі);
- 5) жас туристер станциясы (балалар-жасөспірімдер туризм орталығы);
- 6) балалар аула клубы, балалар әскери патриоттық клубы (клубтық демалыс үйимдары);
- 7) балалар өнер мектебі (балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі, балалар өнер мектебі, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептер);
- 8) балалар сауықтыру орталығы (орталығы, кешені, қала сыртындағы сауықтыру лагері және күндізгі уақытта үйимдастырылатын лагерь, палаталық лагерь, киіз үй лагері);
- 9) балалар-жасөспірімдер спорттық мектебі;

10) олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі;

11) балалар қызығушылығы мен жұмыстары бағыты бойынша ұйымдар;

12) балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік және ғылыми-практикалық орталықтары.

11. Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары:

1) қосымша білім беру институты;

2) әдістемелік орталық (кабинет);

3) қосымша білім беру (өнірлік, өніраалық, салалық) оқу орталығы;

4) білім беру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның қосымша білім беру құрылымдық бөлімшесі.